



СЕМИНАР

Көксу ауданында ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған дәстүрлі «Дала күні» семинары өтті. «Кеңдала» шаруа қожалығында ұйымдастырылған ауқымды шарада заманауи агротехнологиялар таныстырылды. Өңір диқандары бір-бірімен тәжірибе алмасып, егіншілік саласындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Медет ЖҰМАБАЙ

Шараға облыстың ауыл шаруашылығы саласының мамандары, талымдар, агроөнеркәсіп кешенінің өкілдері мен аудан фермерлері қатысты.

Семинар барысында қатысушылар тампшлатып суару жүйесінің тиімділігімен танысты. Ұшқышсыз ұшу аппараттары, минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын алқапқа қасқа уақыт ішінде біркелкі енгізіп, еңбек шығынын азайтып, жұмыс сапасын арттыратынын көрсетті. Мамандардың айтуынша, мұндай технологиялар су ресурстарын, жанар-жағармай мен химиялық препараттарды үнемдеп қана қоймай, егіншіліктің экономикалық тиімділігін де едәуір жоғарылатады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрәулет Кененбаев мұндай тәжірибесіз кездесулердің шаруалар үшін маңызы зор екенін атап өтті.



ҒЫЛЫМ мен ӨНДІРІСТІ ұштастырған

— Бұл алқапты тампшлатып суару технологиясы қолданылды. Семинарға келгендер ауыл шаруашылығының озық тәжірибелерімен танысып, таңақпарат алады. Алдағы уақытта осы әдістерді өз шаруашылықтарына енгізеді деп сенеміз, — деді басқарма басшысы.

«Дала күнінің» маңызды бөлігі тәжірибелік егіс алқаптарын аралауға арналды. «Кеңдала» шаруа қожалығының 18 гектарлық тәжірибе алқабында маусым нәтижелері таныстырылды. Оның 10 гектарына чипсы өндірісіне арналған жоғары өнімді картоп сұрыптары, қалған 8 гектарына дәндік жүгерінің 5 түрлі тұқымы егілген.

Барлық алқап толықтай тампшлатып суару жүйесімен жабдықталып, минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың заманауи технологиялары қолданылған.

Шаруа қожалығының басшысы Калибек Алпысбаев:

— Бүгінде тампшлатып суару жүйесін енгізудеміз. Сонымен қатар

қант қызылшасы, дәнді дақылдар, соя, жүгері және картоп алқаптарында гербицидтер мен өсімдіктерді қорғау құралдарын кеңінен пайдаланамыз. Бұл өнім сапасы мен түсімділікті арттыруға оң әсерін тигізген отыр, — дейді.

Семинар аясында өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіретін отандық компаниялардың өкілдері де өз өнім-

дерін таныстырды. Олар фермерлерге арашшыларға, өсімдік аурулары мен зиянкестерге қарсы қолданылатын заманауи препараттардың тиімділігі жөнінде кеңінен ақпарат берді.

«Август – Қазақстан» компаниясының өкілі Ернұр Жүкеннің айтуынша, кәсіпорын қазіргі таңда өсімдік шаруашылығына арналған 120-дан астам өнім түрін шығарады. Олардың қатарында арашшылармен, өсімдік ауруларымен және өнімділікке әсер ететін түрлі қауіпшілерге қарсы арналған тиімді құралдар бар.

Көксу ауданында егісті күтіп-баптау жұмыстары мен масақты дөңді дақылдарды жинау науқаны қатар жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау да ауыл еңбеккерлеріне үлкен серпін беріп келеді. Биыл «Кең дала-2» бағдарламасы аясында аудан бойынша жалпы сомасы 1 миллиард 403 миллион теңгеден астам қаржыға 63 өтпін қабылданды. Соның нәтижесінде ондаған шаруа қожалығы жеңілдетілген несие алып, көктемгі егіс пен күзгі жылы-терім жұмыстарын уақытылы жүргізуге мүмкіндік алған.

Ғылым мен өндірісті ұштастырып, жаңа технологияларды батыл енгізу ауыл шаруашылығы саласын дамытудың басты кепіші. Ал тәжірибеге негізделген осындай кездесулер фермерлердің заманауи агротехнологиялардың тиімділігін бағалап, шаруашылықтарына енгізуіне жол ашады. Инновацияға негізделген егіншілік – Жетісу аймағының аграрлық әлеуетін арттырып, мол өнім алудың негізгі дөңек көпестерінің бірі.

Мәулімбай ауылы,
Көксу ауданы



Суреттерді түсірген: Дмитрий ЕРӨСБЕВ

Құрметті оқырман!

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтік әлеуетінен хабардар болып, саяси саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіндік толғандырып сауалдарға жауап іздесеніз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тағыры терең тарихымыздан нәр алуы ойласаңыз облысымыздың төл басшымыз, қазақ баспасының атасы «Jetisu» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіз.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласа аласыз:
8 (7282) 40-20-69, 8 7733558958,
8 7474106909.

Төтенше KASPI QR арқылы
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



БӨРЕКЕЛДІ!

БАСПАНА БАҚЫТЫ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, тұрғындарды қолжетімді әрі қауіпсіз баспанамен қамтамасыз ету мәселесін мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындап келеді. Осы тапсырманы жүйелі жүзеге асыру мақсатында Талдықорған қаласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның жайың дәлелі – апатты тұрғын үйлерде тұрған азаматтардың жаңа қонысқа көшірілісінң кезек-кезеңімен жүзеге асырылуы.

Еңкіл КЕНЕБАЙ

Талдықорған қаласы әкімдігінде 17 отбасыға жаңа пәтердің кілті табысталып, талай жылдан бері апатты баспаның тыныс-тіршілігі тартып кеткен тұрғындардың көптеп күткен арманы орындалды. Жаңа пәтер иелерін қала әкімі Ернат Бәзіл қонысқоймен құттықтап, жайлы әрі қауіпсіз баспанамен қамту – мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.

— Азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, тұрғын үй жөндеуін жақсарту – Мемлекет басшысының тұрақты назарындағы мәселе. Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолдауымен бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып келеді. Біздің басым мақсатымыз – апатты үйлерде тұратын тұрғындардың мәселесін толық шешіп, олардың қауіпсіз әрі жайлы жағдайда өмір сүруге мүмкіндік жасау, — деді Ернат Дүйсенбекулы.



Суреттерді түсірген: Қасым МАҚАМҒАЛУЛЫ

Жаңа қоныс иелері «Береке» коттедж қалашығынан, «Жастар-1/1» және «Жастар-3» шығыс аудандарынан тұрғын үй алды. Бұл үйлер қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіліп, тұрғындардың жайлы өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Өткен жылы қала әкімдігі апатты үйлердің тұрғындардың көшіру мақсатында 16, биыл 21 тұрғын үй сатып алды. Жыл соңына дейін жалпы 29 отбасы жаңа баспанамен қамтылады деп жоспарлануда. Осылайша, Талдықорған қаласындағы апатты үйін тұрғындарын көшіру мәселесі толықтай шешімін табады.

Бұл күн – жаңа қоныс иелері үшін ерекше қуанышқа толы сәт болды. Солардың бірі – 81 жастағы Жанатая Сүгірбаева. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы апатты үйде өмір сүрген. Қолына жаңа пәтердің кілтін алған қойуна қуаныштан тебіреніп, ақ батасын берді.

— Ел іргесі аман, жұртымыз тыныш болсын. Халқымыздың тұрғысы жақсарып, жастарымыздың бәлалығы жарқын болып, баспана істеріне береке берсін. Осындай иелік ісін басы-қасында жүрген азаматтарға аналық жүрегімнен алғыс айтыпмын, — дейді қуаныш иесі.

Қонысқойын тойлағандардың қатарында Наталья Дроздова да бар. Ол жаңа баспаның қиыншылықты маңызды екенін ерекше толықтырып жеткізді.

— Біз 40 жыл бойы апатты үйде тұрдық. Соңғы 10 жылда өмір сүру өте қиынға соқты. Қайырсақтар жаралып, үйдің тозығы жетті. Бүгін, міне, жаңа үйдің кілтін алып, ерекше қуанышқа бөленіп отырмыз. Соңғы жылдары Талдықорғанның көркейіп, жөна тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарын бой көтерген жеткендіктен көріп, қуанамыз. Осындай қамқорлық танытып қала басшылығына жөне осы іске атсалысқан барлық азаматқа ыңылайы ризашылығымызды білдіремін, — деді ол.

Талдықорғандықтардың көптен күткен арманы орындалды. Олар енді қауіпсіз, жайлы әрі заманауи баспанада жаңа өмірге қадам басты.

ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ – 140 ЖЫЛ

Жетісу – жыр мен өнердің киелі бесігі, талай дүлдүл ақындарды дүниеге әкелген қасиетті өлке. Сол алыптар шоғырының жарқын өкілдерінің бірі – Қалқа Жапсарбаев. Ол айтыс өнері дәуірлеген кезеңде Қабан жырау, Бақтыбай, Сара, Мәулімбай, Қыдырәлі, Сүйінбай, Жамбыл сынды сөз зергерлерінің өнегесін бойына сіңірді. Кейін Кенен, Қуат, Иманжан, Үмбетәлілермен қатар айтыс додасында шыңдалып, қазақтың сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған қыран дауысты ақын ретінде тарихта қалды.



Қазақтардың ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ ақындығы

Қалқа Жапсарбаев 1886 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, қазіргі Көксу ауданы, Мұқыры ауылында, әулетінен жазшылық аралмаған кедей отбасында дүниеге келген. Жокшылықтың тауқыметін тартқан жас бала жүрегі қайғы-қасіретке толы болған. Бірақ тіршіліктің қиындығы қайратты батылын жігерін жасатпады. Жаратылыс берген көкіректігі сөз асылын теріп, қайратынаша алға ұмтылып, тұла бойын кергенен өмішлік ақындық жолына түсті. Ол той-думандарда айтысқа түсіп, өзінің ақындық шеберлігін пийдай білді. Жасынан зерек өскен Қалқа ауыз-өңіміне, қисса-дастандарды көпшілік арасында жатқа айтып көзге түсе бастаған. Жетісудің арқалы ақындары Сүйінбай мен Бақтыбайдай ақын болуды, Кекебай мен Бөстіріктей шешен болуды армандаған.

Қалқаның алғашқы бағын сынаған, ақындық талғамы сынта түскен сәті ол Қайрақбаймен айтысы. Қайрақбай ескіше оқуы бар, сауатты мода еді. Мұндай оқығаны бар, тоқығаны бар ақынды жас Қалқаға жеңу оңай болған жоқ. Бірақ, туысынан сөздің асылын терген ол қиыннан қимстырып, жол тауып:

Молдадан әкем берген жоқ,
Молданың алын көрсем жоқ.
Құранның сөзін өлеңге,
Жалғастырып өрсем жоқ,
Молда балып халықтан,
Үйір, зекет терген жоқ – деп аузын аштыраып, қарсылас ақынның тіліне тұсау салып, өрісін тарылтады. Сөйтіп жеңіп шығады.

Филология ғылымының докторы Мырзатай Жолдасбеков те аузы ақын жөнінде былай дейді: «Жамбыл бастаған басқа да халық ақындары тәрізді Қалқа Жапсарбаевтың өз ақындық жолы халқымыздың өмір жолымен біте қайнасады, бірге өсіп толысады. Жамбыл мен Қалқаның жапай ұқсас тағдыры халық тағдырымен сабақтасады. Революциядан бұрынғы келетін жалшының азапты өмірін жырға қосқан екі ақын, екі дүние, екі өмірдің бесігін бірге ашты. Кеңес дәуірі тұсында бақыт тапты, жыр салтанатын қайта құрды, жаңа заманда шұғылалы болашақты, халықтар достығын бірге жырлады».

Ақын шығармаларының дені – дастандар. Ол өткен замандағы аты аңызға айналған тарихи тұлғаларды жырға қосқан. Мысалы, аңыз-өңімелер негізінде жазылған «Орақты батыр», «Тұрғынбет туралы аңыз», «Уәли Шора құшшының әңгімесі» дастандары халық тарихи-шежірелерден алшиса, «Біздің Ораз», «Партизан Шайырден», «Мұсабек Сегізбаев», «Нұрмолда» атты дастандары халқымыздың жүріп өткен өмірінен туындаған. Әсіресе «Уәли Шора құшшының әңгімесі» туралы дастандылығы бір құстың сан түрлі қылып суреттеуінің өзі ақын атының тіл шеберлігінің бай екенін көрсетеді. Мысалы:

Бұрқал деген Шонаке,
Жетіұзықтан тарайды.
Малайсары, Сарыбасты,
Шаған менен Шажаа,
Бұл тауға құе ұя салмайды.
Құс баласы Шонаке,
Жейінұзын жемесе қарайды.

Шынжыр балақ, шұбар төс,
Қысы-жазы құр кетпес,
Қарты тауда тұрады, – десе енді бірде жер тарихын:

Басқөпінде бас қосқан,
Беріктүзге, Бүйені,
Қотырқаймен тұрады.
Қалжыңдасын Күйелі,
Тастыбел, Құсақ дегенің,
Сарықойдың жиегі.
Тарихын халқым айтайын,
Тәжәттор тау Шағанай,
Жайлауы екен ол Шаған.
Әліп деген анаңың,
Тауенкі дейтін аңы бар,
Ермегі аңың базының,
Елік, күйі тағы бар,
Керкі тау мен батының, – деп жер атауларын қара өлемімен шебер жеткізе білген.

Ал ертегі, аңыз-өңімелер желісімен шығарылған «Қарлығаш пен Дәуіт», «Дана кыз», «Ата мен бала» деген туындылары кейінгі толқым – жасөспірімдерді отасуы-ғиштікке, өнерпаздықа, адамгершілікке баулытын ойлы дүние-лер. Сондықтан Қалқа ақынның шығармаларында тәлім-тәрбиелік мәселе басты назарда екенін айтқымыз келеді.

Қалқа негізінен айтыстың ақынды. Ол жиырмаға жуық ақынмен айтысып, абыро-ын асқатқаннан өрен жүйрік. Оның айтыс-қаңдарының ішінде бүгінгі ұрпаққа жақсы таныс Құрама, Қайрақбай, Иманжан, Ес-дәулет, Үмбетәлі, Кенен, Қуат сынды небір дауыспаздар бар.

– Суреткер Қалқа Жапсарбаевтың шығармашылығы жамбылтану ғылымында, жыр алабы Жамбылдың өмірі мен шығар-машылығына қатыстылығымен де құнды оер едік. Жамбыл ақынның алын көрсен

шәкірті және одан «Қанжар ақын» деген мәртебелі ат алған ақын өмірі мен шығар-машылығын зерттеп-зерттеу аса өзекті мәселе екен, – дейді Толғанай Рамазанова.

Қалқа айтыстарында әртүрлі тақырып қамтылады. Ақынның тілі тапқыр әрі өте ашы болған. Қарсыласының бетін қайтарып тастауға келгенде шебер еді. Ол Үмбетәлі Кәрібаевпен айтысында:

Етін өскен диқаншын,
Тұқызын нүсез сенпеген.
Екі бұт бидай апара,
Бір құтып ұрпап ептеген.
Екі бидай орнына,
Жалғыз бидай көктеген.
Тұқым түсіп астыңың,
Жоспарға да жетпеген.
Ауданыңан Жамбылдың,
Өсетіп қырсық кетпеген.
Ауылсовет жоқ екен,
Бақылап оты «тең» деген.
Қартаң биыл Жамбылға,
Қарыз тұқым берейді.
Қарыз ішкен талмаққа,
Ауданың мас боп қазынасын,
Ат үсті қарап алашаңдап,
Жыла-жыла шаураға,
Сақтыңың салмасын, – деп ауданыш шаруаға қырсықтың аямай сынайды.

Ақын Қалқа 1975 жылдың 26 қаңтарында туған ауылында 89 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Артында өлмейтұғын сөз қалдырған ақынды өлді деге бола ма? Ақынның өзі өлсе де, сөзі өлмейді екен. Міне, бір ғасыр бұрын шығарған өлеңдері, әндері, айтыстары халық-пен бірге жасап, бірге жаңғырып, өмір сүріп келеді.

Нұрла БЕКТЕМІРОВА,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның Құрметті жазушысы

Туған өлкесін дәріптеп, еңбек адамдарының табыстарын паш етіп, елінің, жері-нің сұлулығын өлеңіне қосып, халықтың арасында әспеттеді болған, ақын қалында табиғаттың төл перзенті. Айнала қоршаған жаратылыс әлемінен нәр алып, оны жыр етпеген ақын жоқ.

Баланың Сарыарқада бойы биік,
Ақбет тұр мұнарланып, бұлаққа пийіп.
Сұр тасы ақша бүлгінен әзізденіп,
Тұрады бір-бірін бөтін сүйіп.
Найзағай аспанында ойнағанда,
Бауырында секіреді асқар, киік.
Жарысып қарағай мен қайыңдар тұр,
Жамылып көк шапанын қымтап күйіп.
Ақбетке кәйтсем жақын боламын деп,
Жамбылға жақындап тұр басым иіп, – деген өлеңінен ақынның поэзиясында табиғат лирикасының орны да ерекше екенін ұтамыз. Жер жаныты Жетісудің сұлулығын ақын талмай жырлаған. Жылымы ғажайып мезгілі көктемге арналған өлеңіне тоқталайық.

Мамырдап майдың айы келген шақпа,
Дуылдар маса, сона қайта туып,
Бұдырап көк көбелек жөнеңгенде,
Артында ойнайды бала құлп.
Жағалай нәсер жауап ашығанда,
Шалшықта бала отырар бетін жуып, – деген өлең жолдары көз алдымызға тамаша бір суретті әкеледі.

Қалқа ақын халықтың жоғын жоқтап, мұрын мұндаған адам. Қалай болғанда да халқының бақытты өмір сүруін армандайды. Сондықтан елдегі жаңалық, жетістікті талмай жырлады. Жазушы Ораз Исмаилов «Елім сені жырладым» деген жинақтай алты сөзінде мынандай естелік жазған екен. «Қалқа ақынның ізбасарлары да жетерлік болған. Бұл орайда алдымен халық ақындары Артық Жексенбеков, Темірғали Рүстембеков, одан беріде Әбікен Сарыбаев, Сейітжан Садықов, Абай Асылбаев, Түктібек Құрақбаев және тағы басқалары еске түседі», – дейді.

Бүгінде ақынның өшпес мұра қылып тастап кеткен жырлары өзінің мың-мағынасын жоғалтқан жоқ. Мысалы:

Жақсылық көрсен тасыма,
Жамандық көрсен жасыма.
Душпаның достай болады,
Бақ қонған күні басыңа.
Басыңнан басың тайғанда,
Біреуі қалмас қасыңда.
Кеткен бағын айналып,
Қайтадан қоса басыңа,
Кеткен досың сол күйі,
Қайтадан болар қосыңа.
Шіркін, жалаң өмірші,
Бір қызығы өсиыда, – дейді.

Ал енді Қалқа ақынның сәтгерлігіне келсек. Ол бір өміріне саф алтын, тұбаба бұлақ екенін білеміз. Оның «Сарыжазық», «Қалқанжар желдірмесі», «Қалқаншын жайқоңыры» және басқа термелері әлі күнге дейін халық арасында кеңінен таралып, айтылып жүр.

Қалқа небір додалы айтыс-тарға қатыса жүріп, шаруашы-лық, қоғамдық жұмыстардан қол үзбеген. 1920 жылы Қосты одағана, 1930 жылдан бастап ұжымшарға мүше болған, 1938-1945 жылдары аудандық халық төс-трінде қызмет істеген. Екінші дүниежүзілік соғысы жылдары сол кездегі басқарушы органдар ақынды үгіт тобының құрамында ел аралауға жіберді. Ақын өзі-нің жалпыда өлең-жырмен тылда және күнін жақындатуға ұлес қосқан. Халық ара-сында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, Семей, Павлодар облыстарын аралайды. Ұжымшар мүшесі ретінде Қалқа еңбек-сүйіштігімен басқаларға үлгі-өнеге бола білді. Ол қолына кетпен алып, егін сугарды, шапты алып, шөп жинады, қызылшанылар зеносын басқарды. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдәбергеновке ауыл экономикасын көтеруге септігін тигізді.

Қалқа ақынның жыр жинағы ХХ ғасыр-дың екінші жартысында ғана жарық көре бастаған. Оның алғашқы кітабы «Мұсабек Сегізбаев» атты поэмасы 1951 жылы ба-сылып шыққан. Ақынның екінші жыр жи-нағы «Жайқоңыр» деген атпен 1959 жылы жарық көрген. Арала бір аз уақыт өткенде ақынның оқырман қауымға үнішпін кітабын ұсынады.

Тіріліптіңде ақын атанып еңбегі ескеру-сі қалған жоқ. Қалқа Жапсарбаев 1939 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құр-мет грамотасымен, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен, 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. 1961 жылы ақынға «Қазақстанның халық ақыны» құрметті атағы берілген.

